

**Бөкей ордасы ауданы
Сайқын ауылы
М-С.Бабажанов атындағы
ЖОББ мектебі жанындағы**

Ж Ы Л Ы Ж А Й



Жылыжай төлқұжаты

Құрылған күні: 2010 жылы, қараша айы

Тұрғылықты жері: Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылы М.Бегалиева көшесі, 11

М-С.Бабажанов атындағы ЖОББМ жанында орналасқан

Тұрғын үйлер мен мектеп арасының арақашықтығы: 20 метр

Жылыжай көлемі: 350 м

Жылыжайдың экологиялық жағдайы: қанағаттанарлық (санитарлық-гигиеналық нормаға сай)

Бекітілген бағыты: білім беру мен тәрбиелеу, еңбекке баулу, эстетикалық жағынан тәрбие беру, білімді жетілдіру, практикамен ұштастыру

Объектіні қолдану түрі: оқып білім алу үшін, іс-тәжірибе жасау, зертханалық жұмыс жүргізуге, бақылауға, жазғы тапсырмаларды орындауға, демонстрациялық көрнекіліктер дайындауға қолданылады.



Мектеп жанындағы жылыжайдың міндеті мен мақсаттары:

- Агротехникалық суару туралы оқушылардың білімдерін толықтыру, өсімдіктерді күту, практикалық дағдыларын дамыту;
- Мектептегі биология курсында өсімдіктер туралы алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыру, толықтыру, бекіту; (өсімдіктердің тұқымдарын анықтау, жапырақтың жүйкеленуі, гүлдің құрылысы, көбеюі, вегетативті мүшелері, т.б.);
- Оқушылардың кәсібиліктерін шындай түсу
- Биология сабақтары үшін гербарий (кеппешөп) мен үлестірме материалдарды жинау
- Эстетикалық, физикалық, еңбек арқылы тәрбиелеу, баулу.
- Витаминдері көп бақша дақылдары мен көкөністер және оқу үрдісіне қажетті өсімдіктер өсіру;
- Оқушыларға өсімдіктердің даму сатыларын (тұқымдары, көшеті, өсуі, баптауы, пісуі, жинауы) түсіндіру;
- Оқушыларды ғылыми жұмыстармен айналысуға баулу;
- Биологиядан зертханалық жұмыстарды жылыжайда өткізу;
- Ғылыми іздену жұмыстарын жазу.



Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар теория жүзінде алған білімдерін практикамен ұштастырады;
- Ғылыми жұмыстармен айналысуға қызығушылығы артады;
- Өсімдіктерді өсіріп, күтіп-баптауды үйренеді;
- Өсімдіктерді тыңайтқыштармен үстемелеп қоректендіруді үйренеді;
- Өнімді отырғызу мен жинау технологияларын үйренеді;
- Оқушылардың бойында экологиялық тәрбие негізі қалыптасады;
- Еңбексүйгіштікке тәрбиеленеді;
- Танымдық белсенділігі артады.



Бекітемін

Мектеп директоры: Гумаров Ж.О.

М-С. Бабажанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

жанындағы жылыжайда жүргізілетін жұмыс жоспары.

№	Жұмыс мазмұны	Уақыты	сыныбы	мұғалім
1	Жылыжайдағы қауіпсіздік техникасы ережелерімен таныстыру	Қыркүйек	6 сыныптар 9 сыныптар 10сыныптар	Елеусинова Н.Қ Жахатов Р.К. Махметова Л.Е.
2	Зертханалық жұмыстар өткізу	Жоспарға сай	6 «а» сынып 6 «б» сынып	Елеусинова Н.Қ Жахатов Р.К.
3	Сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру: - Топырағын ауыстыру - Тұқымдарды іріктеу. - Өскіндерді стақандарға отырғызу. - Суғару. (Айына 6 рет) - Өнген өскіндерді топыраққа отырғызу. - Өсімдікке күтім жасау (жапырағын жұлу, ұрықтанбаған гүлдерді жұлу). - Өнімді жинау. - Арамшөбін жұлу - Топырақ қопсыту. - Сабақтарды жіпке байлап бекіту. - Өсімдіктің орнын ауыстыру.	Тамыз Қыркүйек Қыркүйек Уақытында Қазан Үнемі	10 сынып 7-8 сынып 9 сынып 6 сынып 6 сынып 10 сынып 6,9 сынып	Жанғалиев А.М. Құзырғалиев Т.К. Махметова Л.Е. Елеусинова Н.Қ. Жахатов Р.К. Елеусинова Н.Қ. Гумарова Л.А. Елеусинова Н.Қ. Жахатов Р.К.
		Үнемі Үнемі Айына рет Үнемі	10 сынып 6-7 сынып 9 сынып 10 сынып	Жахатов Р.К. Гумарова Л.А. Махметова Л.Е. Махметова Л.Е.
		Ақпан	6 сыныптар	Жахатов Р.К. Елеусинова Н.Қ.
4	Жаңа оқу жылына жоспар құру.	Мамыр		Пән мұғалімдері



Мектеп жылыжайымен бірлесе өткізілетін зертханалық жұмыстар.

6 «а» және 6 «б» сыныптар үшін.

Пән мұғалімі: Елеусинова Н.Қ, Жахатов Р.Қ.

Топсеруен: «Айналамыздағы өсімдіктер әлемі».

Топсеруен: «Өсімдіктер тіршілігіндегі күзгі құбылыстар».

№5 зертханалық жұмыс. Даражарнақты және қосжарнақты өсімдік тұқымдарының құрылысы. Көкөніс дақылдарының алуантүрлі тұқымдарымен танысу.

№6 зертханалық жұмыс. Өскіндерден тамырдың сыртқы құрылысын зерттеп білу (ас бұршақтың, асқабақтың, үрме бұршақтың және бидайдың).

№8 зертханалық жұмыс. Тамыр бөлімдері. Тамырдың түрөзгерістері.

№10 зертханалық жұмыс. Жапырақтың сыртқы құрылысы. Жапырақтағы лептесіктерді табу.

№14 зертханалық жұмыс. Гүлдің құрылысын қарау.

Топсеруен: «Терезе алдындағы өсімдіктер әлемі»

№16 зертханалық жұмыс. «Бөлме өсімдіктерін қалемшелеу»

№24 зертханалық жұмыс.

Алқа тұқымдасы өсімдіктерінің гүлі мен жемісінің құрылысы.

№ 28 зертханалық жұмыс.



Жуа тұқымдасы өсімдіктерінің гүлі мен жемісінің құрылысы.

№1 практикалық жұмыс.

Бөлме өсімдіктерін күтіп баптаудың көктемгі жұмыстары

№2 практикалық жұмыс.

Мектептің тәжірибе учаскесі үшін тұқымдар тандап алу және көшеттер өсіру.

№1 практикалық жұмыс.

Мектептің оқу-тәжірибе учаскесіндегі және мектеп айналасындағы өсімдіктер бірлестігін жабдықтау бойынша көктемгі жұмыстар

№2 практикалық жұмыс.

Бөлме өсімдіктерін күтіп-баптаудың көктемгі жұмыстары.

№3 практикалық жұмыс.

Мектептің тәжірибе учаскесіндегі жұмыс

№4 практикалық жұмыс.

Мектеп айналасындағы өсімдік бірлестіктерін көркейту бойынша көктемгі жұмыстар.



М-С.Бабажанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі жанындағы жылыжайда жұмыс барысында еңбек және техника қауіпсіздігін сақтау ережелері:

Жылыжайда жұмыс барысында қауіпсіздік ережелері қатаң сақталады. Жұмысты ұйымдастыру барысында оқушылардың жас ерекшелігі ескеріледі. Қауіпсіздік ережесін мектеп әкімшілігі бекітеді. Қауіпсіздік ережесін қатаң сақтаудың жалпы талаптары.

1. Жылыжайдағы қауіпсіздік ережесін қатаң сақтау.

1. «Қауіпсіздік ережесі» «Мектеп алаңындағы оқу-тәжірибе үлескісінің ережесі» бойынша құрылды.
2. Оқушылар қауіпсіздік ережелерімен таныса отырып, денсаулығына байланысты қатыса алады.
3. Оқушылар еңбек ету уақытымен таныстырылып, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтайды.

4. Жұмыстың ұзақтығы қатаң кесте бойынша қадағаланады. 6-8 сыныптарға 1-1,5 сағат, 9-11 сыныптарға 2 сағат.

Керек болған жағдайда алғашқы медициналық көмек беру керек.



2. Қауіпсіздік ережелерін жұмыс алдында қатаң ескерту.

1. Жұмыс басталар алдында қолға ұстайтын құрал-саймандармен таныстырып, қалай ұстау және жұмыс барысында қалай пайдалану керектігін, сақтану шараларын ескерту.
2. Күрек, тырма т.б. құрал-саймандар жақсы егелген, ешқандай сынығы болмау керек, себебі оқушылар аяқ-қолдарын жарақаттап алуы мүмкін.

3. Қауіпсіздік ережесін жұмыс барысында қатаң ескерту.

3. Құрал-саймандарды қажетті кезде ғана пайдалану.
4. Күрек, тырма, сыпыртқы сияқты ұшты заттарды төмен қаратып ұстау.
5. Ауыр шелекті кезектестіріп оң және сол қолмен көтеру керек.





**Жылыжай
күнделігінен**

Мектеп жылыжайы оқушыларға экологиялық тәрбие беру, қоршаған ортаны қорғауға деген сүйіспеншілігін, танымдық белсенділігін арттыру, мектепті көгалдандыру, теория жүзінде алған білімдерін практикамен ұштастыру мақсатында арнайы жасақталған жұмыс жоспарымен жұмыстанып келеді.

Оқушылар жылыжай ішіндегі арам шөптерді жұлып, топырақтарын қопсытып, қажетті тыңайтқыштарды үстемелеп қоректендірумен, босаған жерлерді тазартып, өңдеумен айналысуға көмектеседі.





Алғашқы көшеттерді әзірлеу жұмыстары











Қызылша




Қызанақ



Аскөк



Пияз









Мектеп жылыжайы 2010 жылдан бастап өз жемісін бере бастады. Жылыжайдан өндірілген қияр, аскөк, көк жуа мектеп асханасына, мектеп жанындағы жатақхана асханасына оқушылар игілігіне пайдаланылады. Сонымен қатар аз қамтылған, денсаулығында кемістігі бар оқушылар отбасыларына дәрумен ретінде жыл бойы көкөністен беріліп отырады.

Былтырғы жылы қиярдың «Меранг», «Маша» сорттары егілсе, биыл «Жена», «Маша», «Альянс» сорттары өсірілуде.

Мектеп асханаларынан артылған өнімдер базардың бағасынан төмен бағамен мектеп мұғалімдеріне сатылады. Түскен қаражатқа жылыжайға қажетті заттар – тұқым, тыңайтқыш, т.б. заттар алуға жұмсалады.

